

Бапкерлік кәсіпте бағы жанған

Тәуелсіздікпен түйдей құрдас Аян Байманов өмірін спортпен байланыстырып, біршама жетістіктерге жеткен

Еліміз Тәуелсіздік алған жылдары дүние есігін ашқан сәбилер бүгінде ер жетті.

Олар сан түрлі мамандықты игеріп, болашақтың кілтін ұстаған егемен елдің еркін азаматтарына айналды.

Біздің ауданымызда да Тәуелсіздіктің құрдасы атанып, түрлі мамандықты игерген Тәуелсіз елдің жастары жетерлік. Олар еліміздің дамуына өзіндік үлестерін қосуда.

Сондай жанның бірі біздің бүгінгі әңгімемізге арқау болып, мақаламыздың кейіпкері атанбақ.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Тәуелсіздіктің төл құрдасы, Меңдіқара ауданының төл тумасы – Аян Байманов.

Айтулы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Тәуелсіздік құрдасы атанған Аян Баймановпен сұхбаттасып, әңгімеге тарттық.

Азаттықтың ақ таңымен таласа туған Аян бүгінде спорттың қыр-сырын түсінген мықты спортшы. Спорт саласында өзіндік ойып орын алған спортшылардың қатарынан көрінеді. Үлкен еңбектің басы - қасында жүрген нағыз еңбекқор азамат десек артық айтпағанымыз.

Меңдіқара ауданына қарасты Қаратал ауылында дүние есігін ашқан Аян, бала кезінен спортқа жақын болған көрінеді. Спортқа



Бапкер мен шәкіртінің жеңіске жеткен сәтті

деген ынтаның арқасында бүгінде нағыз маман атанып отыр.

- Мен он үш жасымда спортқа қадам бастым. Спортшы болу оңай шаруа емес, үзіліссіз дайындық, күнделікті жаттығу. Әлі күн өзімді шынықтырып келемін. Мықты болуды кез-келген спортшы армандайды.

Менде солардың қатарынанмын. Не керек, мектепті бітіре сала Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түстім, оқуымды ойдағыдай аяқтап туған ауданыма жұмысқа тұрдым.

Екі мың он үшінші жылдың күзінде менің алғаш еңбек жолым басталды.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне жұмысқа тұрып, күні бүгін еңбек атқарып келемін, - дейді спортшы.

Жастайынан спортқа жаны құмар Аян Байманов бүгінде балаларды спортқа жетелеп, биікке шыңдаған мықты бапкерлердің қатарында. Жастайынан

өзі түрлі дүдділ жарыстарда оң нәтиже көрсете білген бапкер, қазіргі таңда білгенін тәрбиеленушілеріне үйретуде.

Бозкілемде жаттығып жатқан кейіпкеріміздің шәкірттерін өз көзімізбен көргенде, жарқын болашағымыздың кепілі болар – мықты спортшылардың өсіп келе жатқандығын аңғардық. Ағайларының айтқанын қалтқысыз орындап, қиын салада шәкірттері де биік белестерді бағындыруда екен.

Білікті бапкер болу жігер мен табандылықты талап етеді. Міне, біздің бүгінгі кейіпкеріміз солардың қатарынан. Аян Баймановтың бапкерлік кәсіпте бағы жанды деп айтуға толық негіз бар.

Еңбегін адалдықпен атқарып, шәкірттерін биік белеске жетелеуді алға қойған бапкердің арманы асқақ. Оның арманы шәкірттерін нағыз спортшы етіп тәрбиелеу, болашақ чемпион ету екен. Ол үшін үлкен еңбекпен мақсат керектігін де жасырмады.

Алдына талай шәкірт келеді. Қиын салада еңбек етіп, шәкірт тәрбиелеумен қатар балалардың ата-анасымен де тіл табысу керектігін айтпаса да түсінеміз. Ата-ананың көңілінен шығып, тіл табысу да оңай шаруа емес. Дегенмен балаларын спортқа жетелеген бапкер ағайларына ата-аналар қауымы да дән риза.

- Менің ұлым грек-рим кү-

ресіне екінші жыл қатысып жүр. Алғаш Аян ағайына өзім жетелеп апарған болатынмын. Шексіз ризашылығымды білдіргім келеді. Бүгінде қос бапкер Төрехан Жакупов пен Аян Баймановтың атқарған нәтижелі жұмыстарына дән ризамыз. Балаларымызды шыңдап, бір-бір үйдің ерекесін тәртіппен ұстап білгендерін үйретуде. Бұл олардың біліктіліктері мен білімділіктерінің арқасында.

Бапкері мықтының бағы жанады деп жатады, болашақта ағайларының үйретуімен ұлым чемпион атанып, бағы жанар деген сенімім бар, - деді ата-аналардың бір Айбар Дүйсембаев.

Азаттықтың ақ таңында дүние есігін ашқан Аян Баймановтың бүгінгі жасап жатқан еңбегі мен күнделікті атқарар ісі жетістікке толы.

Әрине, спорт саласы қиындыққа да толы. Алайда, спортқа деген сүйіспеншілік әрқашан алға жетелеуде. Қиыншылығы мен ауыртыпашылығын бірдей көтеріп, бүгінде шәкірттеріне дұрыс бағдар беруде.

Жұмыстан тыс уақытта өзінің қос перзентіне тәрбие беріп, отбасының жағдайын жасауда. Қос перзентіне үлгі болып, ата-анасының ақ үмітін ақтауда. Міне, біз айтқан Тәуелсіздік құрдасы – Аян Байманов осындай азамат.